

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Ерекше кейстер





Мальтаның егемендік ордені

Крест жорығы кезінде әскери және медициналық ұйым ретінде құрылып, уақыт өте келе діни-әскери орденге айналды.

1309 жылы Орденнің негізін қалаған рыцарь-госпитальерлер Родосты басып алып, сол жерде Родос қамалын салды. Орденге өзінің қызметін тоқтатпай жүргізу үшін жаңа жерлер қажет болды.

1530 жылы Қасиетті Рим Империясының императоры Чарльз V Габсбург Орденге Мальта аралын басыбайлы беріп, Сицилия феодалды патшалығы пайда болды. Алайда 1798 жылы Мальта Ордені аралды тастап шығуға мәжбүр болды. Соған қарамастан, Орден Еуропа елдеріне өзінің дипломатиялық миссиясын жіберуді жалғастыра берді. 1834 жылы Орден штаб-пәтері Римде орналасқан гуманитарлық ұйым ретінде қайта құрылды.

1935 жылы Италияның кассациялық сотында Мальта орденінің халықаралық құқықтық субъектілігін тану туралы мәселе көтерілген еді. Италияның кассациялық сотының пікірінше, «халықаралық құқық субъектілер туралы қазіргі заманауи теория құрамы мүшелерінің ұлтына тәуелді емес, өзінің әмбебап сипатына қарай қызмет-қарекеті бір мемлекеттің территориялық шектеулерінің сыртына шығып кететін ұжымдық бірліктердің бірқатарын халықаралық құқық субъектісі ретінде мойындайды». Осылайша, италиялық сот Мальта орденінің құқықтық субъектілігін мойындады.

Қазіргі кезде аталған ұйымды әлем бойынша 80-нен аса ел танып, арада дипломатиялық байланыс орнады. Одан бөлек, Мальта ордені Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропа Кеңесінде бақылаушы статусына ие. Дегенмен Малколм Шоудың пікірінше, Орден – мемлекет емес, сондықтан оның құқықтық субъектілігі тек оны мойындаған халықаралық ұйымдар және мемлекеттермен шектеледі.

Қасиетті Тақ және Ватикан қаласы

1870 жылы Италия күштері Қасиетті Таққа қарсы күресте жеңіске жетіп, оның біраз қолдаушы территорияларынан, былайша айтқанда Рим папасы мемлекетінен айырды. Шын мәнінде, Шіркеу мемлекеті тәуелсіздігін қолдан шығарып алды. Алайда Қасиетті Тақтың резиденциясы – Ватиканға қол сұғуға ешкімнің батылы жетпеді.

Малколм Шоудың ойынша, Қасиетті Тақтың сақталуы және оның іс жүзінде халықаралық аренада түрлі қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі құқықтық субъектілік тұрғысынан біршама сұрақтар тудырды.

1929 жылы Италия мен Қасиетті тақ арасында Латеран шартына қол қойылды. Осыған сәйкес, Италия Ватикан мемлекетін және Қасиетті Тақтың егемендігін мойындады. Егемендік Қасиетті Тақтың бағзыдан жалғасқан дәстүрі мен әлемдегі қасиетті миссиясына сай табиғи сипат әрі оның халықаралық байланысындағы маңызды белгі (атрибут) ретінде қабылданды.

Осылайша Малколм Шоу егемендік мәселесі Ватиканның статусын (мәртебесін) анықтау мәселесімен байланысты деген ойға келеді. Қасиетті Тақтың жұмысын жүргізетін дін қызметшілерінен өзге Ватикан қаласында тұрақты халық тұрмайды. Италия Ватикан қаласына қатысты бірқатар әкімшілік жұмыстарды атқарады. Осыған орай кейбір авторлар Ватиканды мемлекет ретінде қарастыруға болмайды деген уәж айтады. Десе де, ол – көптеген халықаралық шарттарға қатысушы әрі Дүниежүзілік пошта одағы және Халықаралық электрбайланыс одағының мүшесі. Соған қарағанда, оның міндеттерін мойындау мен келісім беруді ескеріп, оны мемлекет деп санауға болады. Ватикан Қасиетті Тақпен тығыз байланысты, шынтуайтында, олар – бір құрылымның бөліктері.

Ватиканның халықаралық шарттар жасасуға құқықтық қабілетіне мысал ретінде Қазақстанмен арадағы келісімді алуға болады. 2008 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының Парламенті Қазақстан мен Қасиетті Тақ арасындағы өзара қатынастар туралы келісімді ратификациялаған еді. Келісімнің преамбуласында тараптар өздерінің халықаралық құқық нормаларына адалдығын растайды деп жазылған.



Қасиетті тақ Католик шіркеуінің орталық ұйымдастырушы билігі болып табылады. 1870 жылдан бастап ол басқа мемлекеттермен дипломаттық қарым-қатынас орнатып, халықаралық шарттар мен конкордаттар жасасты. Конкордат дегеніміз – канондық терминология бойынша Рим-католик шіркеуінің көшбасшысы ретінде Рим Папасы мен өз елінде Рим-католик шіркеуінің құқықтық ережесін әрі оның Қасиетті Тақпен қарым-қатынасын реттейтін қандай да бір мемлекет арасындағы шарт. Осы халықаралық құжаттарға сәйкес Қасиетті Тақтың халықаралық құқық субъектілігі мойындалады.

1993 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының нәсілдік кемсітушілікті (дискриминацияны) жою жөніндегі комитетіне жолдаған он бірінші және он екінші баяндамасында Қасиетті Тақ Комитетке «ұлттар қауымдастығындағы өзінің ешкімге ұқсамайтын айрықша сипатын» еске салады, яғни ол – діни және моральдық тәртіпті мәні деп білетін миссиясы бар халықаралық құқықтың егемен субъектісі. Ол егеменді понтификтің пасторлық қызметінің автономиялық негізіне кепілдік беретін шағын территориялық өлшемде іргесі қаланса да, оның ауқымы кең әрі бірегей.

Қорытынды ретінде Малколм Шоу халықаралық жария құқық саласындағы белгілі австралиялық академик, әрі практик, Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықаралық сотының судьясы Джеймс Крофордтың пікірін келтіреді. Оның ойынша, Қасиетті Тақ халықаралық заңды тұлға, әрі Ватикан мемлекетінің үкіметі.

Ұлт-азаттық қозғалыстар

Малколм Шоу «Ұлт-азаттық қозғалыстар халықаралық құқық субъектісі бола ала ма?» деген сұрақты алға тартады. Бұл сұрақ өзін-өзі басқара алмайтын территориялар реттеуші құқықпен және халықтардың өзін-өзін анықтау принципімен тікелей байланысты.

Осыған қарамастан, автор отарсыздану (яғни деколонизация) кезінде ұлт-азаттық қозғалыстардың статусы артып қана қойған жоқ, сонымен қатар, халықаралық қауымдастық ұлт-азаттық қозғалыстардан өзге ұйымдарға да кейбір кереғар жағдайларда жүгінгенін ескерерлік жайт деп есептейді.

Біріккен Ұлттар ұйымының қамқорлық жүйесінің құрылуы және дамуы арқасында жеке адамдардың шағымын қарауға мүмкіндік пайда болды. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қамқорлық жүйесі жекелеген өтініш берушілерді – жеке тұлғаларды тыңдауға рұқсат берді, ол бүкіл колониялық территорияларға тегіс таралды.

1977 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының Төртінші комитеті Португалияның африкалық территорияларында күрес жүргізіп жатқан ұлт-азаттық қозғалыс өкілдерінің қатысуын қолдап дауыс берді.

Бұдан бөлек, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы өзінің №2918 резолюциясында Африка бірлігі ұйымы таныған азаттық қозғалыстарына бақылаушы мәртебесін берді. №3247 резолюцияға сәйкес, Африка бірлігі ұйымы және Араб мемлекеттерінің Лигасы таныған барлық ұлт-азаттық қозғалыстар Бас Ассамблеяның сессияларына, Ассамблея аясында ұйымдастырылған конференцияларға, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да арнаулы органдарының отырыстарына қатыса алады.

Мальком Шоудың айтуынша, аймақтық деңгейде мойындау қажеттілігі осы ұйымдардағы ұлттық-азаттық қозғалыстардың ең төменгі тиімділігі және іс барысына сепаратистік қозғалыстардың араласын болдырмау талабынан туындайды.

Біріккен Ұлттар ұйымының Экономикалық және әлеуметтік комитеті де осыған ұқсас тәсілді қолданды. Өзінің процедуралық ережелері бойынша ол Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы мойындаған немесе Бас Ассамблея резолюциясына сәйкес рұқсат етілген кез келген ұлт-азаттық қозғалысын осындай қозғалыстардың құқықтары мен мүдделері туралы дебаттар мен отырыстарға дауыс беру құқығынсыз қатыстыра алады.

Біріккен Ұлттар ұйымының Қауіпсіздік кеңесі де Палестина азаттық ұйымына осылай дебаттарға қатысуға рұқсат берді.

Осылайша, Малколм Шоу халықаралық тәжірибе бойынша ұлт-азаттық қозғалыстарды БҰҰ-да және басқа да органдарда бақылаушы статусына ие бола алады деген тұжырым жасайды.



Алайда халықаралық құқық субъектілігі әлі сол күрмеулі, өзекті мәселе ретінде қалып отыр, сондықтан қазіргі таңда тек жекелеген мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенуге тура келеді.

Бұдан бөлек, Малколм Шоу «азаттық қозғалысын әлемнің көптеген елдерінің кеңінен мойындауы оған халықаралық құқық субъектісі ретінде статус беруге жеткілікті ме?» деген сұрақтың жауабы әлі де ашық деп есептейді.

Ұлт-азаттық қозғалысын мойындау мысалдарының бірі – Намибия. Аталған елдің аумағы халықаралық статусы бар деп танылды, ал осы территориядағы ұлт-азаттық қозғалыстар халықтың шынайы өкілі ретінде қабылданды, бірақ ол белгілі бір деңгейде арнайы Намибия үшін құрылған Біріккен Ұлттар ұйымының Кеңесімен басқарылды. Бұл органды 1967 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы аталған территорияны басқару және оны тәуелсіздік алуға дайындау мақсатында құрған еді. Кеңес 1990 жылы таратылды. Кеңес құрамында Бас Ассамблея алдында жауап беретін Біріккен Ұлттар Ұйымының 31 адамы болған. Кеңес халықаралық ұйымдарда, конференцияларда Намибия атынан әрекет етіп, мүддесін қорғауға тырысты әрі туристерге, намибиялықтарға жеке басын куәландыратын құжат берумен айналысты. Ол құжатты көптеген елдер таныды. 1974 жылы Кеңес Оңтүстік Африка бақылауындағы территорияларынан ресурс өндіруге тыйым салуды көздейтін №1 Жарлығын шығарды.

Халықаралық жария компаниялар

Халықаралық жария компаниялар әртүрлі атаумен белгілі. Мысалы, көп ұлтты жария мекемелер, халықаралық заңды тұлғалар. Олар, әдетте, халықаралық шарттар арқылы құрылады, ал оның жұмысы мемлекеттік және жеке мекемелер арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағытталады. Малколм Шоу халықаралық жария компаниялар туралы әріптесінің пікіріне сүйеніп, мынадай анықтама береді:

«Олар – корпорациялар және тек бір ғана мемлекеттің ұлттық заңына сәйкес құрылмаған. Олардың қатысушылары мен атқарушы директорлары әртүрлі егеменді мемлекеттердің азаматтары. Олардың құқық субъектілігі мен қызметі, тек сәл ғана бөлігі болмаса, белгілі бір ұлттық органның шешіміне немесе заңнамасына негізделмеген».

Мұндай корпорациялар өзінің құрылу табиғаты мен құзіретіне қарай ажыратылады. Халықаралық жария компанияларына біраз мысал келтіруге болады.

Мысалы, 1973 жылы құрылған INTELSAT компаниясы құрылды. Ол – жаһандық коммерциялық телекоммуникациялық спутниктік жүйені жүзеге асыратын үкіметаралық құрылым. 1955 жылы 14 Еуропа мемлекетінің қатысуымен құрылған Eurofirma корпорациясы теміржол тасымалын басқаруға қажетті құрал-жабдықтарды жалға берумен айналысады.

Тағы бір жарқын мысал – Швейцарияның Базель қаласында орналасқан Халықаралық есеп айырысу Банкі. Аталған халықаралық банк бес мемлекеттің, атап айтқанда, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Италия және Францияның орталық банктерінің қатысуымен негізі қаланған. Банкті Базель қаласындағы орналасқан жерін Швейцариямен бөлек конвенция жасалды.

Бұл ұйымдардың қай-қайсысы да бір елдің заңнамасына бағынған жоқ. Дегенмен олар мемлекеттермен немесе халықаралық ұйымдармен байланысқа түсу үшін аталған ұйымды ресми түрде мойындауға қажеттілік жоқ. Яки халықаралық жария компанияның құқықтық субъектілігі көбінесе ұлттық және халықаралық құқықтың арақатынасына байланысты. Егер мұндай корпорацияның құқықтары мен міндеттері ұлттық заңнамамен реттелмесе, оның белгілі бір халықаралық-құқықтық қатынастың қатысушы ретінде статусы туралы айтуға болады.

Дейтұрғанмен, әр жағдайды бөлек, мұқият қарастырған жөн. Өйткені құрылтайшы келісімінде кез келген құқықтар мен міндеттер болуы мүмкін.



Трансұлттық корпорациялар

Халықаралық құқықтық субъектілік статусына лайықтылардың бірі – трансұлттық компаниялар. Оларды халықаралық қарым-қатынастың маңызды феномены десе де болады. Бұл санатқа, ең бірінші кезекте, жекеменшік бизнес ұйымдарды жатқызуға болады.

Олардың құрылтайшысы – көлемі мен мекенжайы әртүрлі, өзара бір-бірімен бас ұйымға байланған бірнеше заңды тұлғалар.

Малколм Шоудың айтуынша, трансұлттық корпорациялардың құқық субъектілігі әлі жан-жақты талқылауды қажет ететін тақырып. Дегенмен халықаралық ұйымдар шеңберінде олардың халықаралық сипатының негізгі элементтерін реттеу үшін ұсыныстар әзірленген. Олар ешқандай халықаралық құқықтық міндеттемелер жүктемейді. Дегенмен халықаралық бизнес ұйымдардың негізгі қызмет бағыттарын көрсетеді.

Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі Кеңесі халықаралық бизнес ұйымдар үшін «Бизнес және Адам құқықтары: Қорғау, Сыйлау және Құқықтық амал» атты БҰҰ шеңберінде орындалатын бірқатар принциптерді бекітті.

Бұл принциптерге сәйкес мемлекеттер адам құқықтарын қорғауы, сыйлауы және толық жүзеге асуын қамтамасыз етуі тиіс, сондай-ақ, өз территориясында үшінші тараптардан, соның ішінде халықаралық мекемелердің тарапынан адам құқығының бұзылуына жол бермеуі тиіс. Оның үстіне, егер адам құқығы бұзылған жағдайда, мемлекет оларды жалпыға қолжетімді заңгерлік көмекпен қамтамасыз етуі тиіс. Бұл принциптерге сәйкес, трансұлттық корпорациялар адам құқықтарының бұзылуынан аулақ болуы тиіс. Бұл жерде адам құқықтары дегенді адамның халықаралық деңгейде танылған құқықтары деп түсінген абзал.

Жеке тұлғалар

Жеке тұлғалардың халықаралық құқықтағы статусы халықаралық адам құқығының даму қарқынымен және инвестицияны қорғаумен тығыз байланысты.

Малколм Шоу өз еңбегінде адамның құқық субъектілігі мен статусына, оның еркіндігі мен құқықтарына көбірек мән береді.

Халықаралық құқықтың мәні қашанда оның ең басты міндеті – адамға деген қамқорлығында жатыр. Әсіресе, бұл табиғи құқық пен классикалық халықаралық құқық нормаларында айқын көрінеді. Позитивистік теорияның кең етек жаюы (әсіресе XIX ғасырда) мұны елеусіз қалдырып, осы қарым-қатынаста мемлекеттің негізгі, тіпті айрықша рөліне басымдық берді. Соған қарамастан, адамдар уақыт өткен сайын халықаралық құқықтың маңызды қатысушысы әрі халықаралық-құқықтық байланыстың субъектісіне айналады.

Халықаралық құқық үшін мемлекет пен адам арасындағы байланыс концепциясы азаматтықпен астасып жатыр. Бұл өте маңызды элемент, әсіресе, юрисдикция және жеке тұлғаның халықаралық қорғалуы мәселесінде. Әр мемлекет кім оның азаматы болатынын өз бетінше шешеді және бұл шешімді халықаралық құқыққа сәйкес басқа мемлекеттер мойындайды.

Алайда жалпы ережелерге сәйкес, адам құқықтары жөніндегі халықаралық пакттер мен шарттардың нормалары бұзылған кезде, мемлекет оларға халықаралық ұйымдарға шағым беруге құқық бермесе, жеке тұлғалар ештеңе істей алмайды.

Бірақ мемлекеттер белгілі бір құқықтарды жеке тұлғаларға табыстай алады және ол құқықтар ұлттық құқыққа қарамастан халықаралық құқықтың әрекетіне жатады. Мысалы, 1919 жылғы Версаль Шартының 304-бабы бойынша Одақтас мемлекеттер мен олардың жақтастары Германияға қарсы Аралас арбитраждық трибуналға талап арыз беру арқылы өз атынан өтемақы талап етуге құқылы. Кейін бұл концепцияны Халықаралық тұрақты сот мақұлдады.

Мысалы, (Danzig Railway Officials) яғни Данциг Теміржол көлігінің лауазымды тұлғалары атты істе Сот егер мемлекеттер келісімін берсе, кейбір тұлғаларға белгілі бір халықаралық шарттар бойынша құқықтар мен міндеттер жүктеуге болатынын мойындады. Мұндай құқықтар мен міндеттер ұлттық юрисдикцияға кіреді.



Сондай-ақ 1919 жылғы Бейбіт Шарт жеке тұлғаларға белгілі бір жағдайларда халықаралық сотқа тікелей жүгіну құқығын берді.

Сол кезден бері жеке тұлғаларға халықаралық соттарға тікелей жүгінуге мүмкіндік беретін әртүрлі халықаралық шарттар қабылданды. Мысалы, 1950 жылғы Адам құқықтары туралы Еуропа Конвенциясы, 1957 жылғы Еуропа одағы Конвенциясы, 1969 жылғы Адам құқықтары туралы Америка Конвенциясы, 1965 жылғы Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы халықаралық конвенция және сол жылы қабылданған Инвестициялық дауларды шешу туралы конвенция.

Бұдан басқа, жеке тұлғалардың халықаралық құқықтық субъектілігі қатысты мәселелерді халықаралық қылмыстық жауапкершілік аясында қаралуы мүмкін.

Сұрақтар

1. Қасиетті Тақ халықаралық құқықтың субъектісі деп сеніммен айтуға бола ма?
2. Халықаралық жария компаниялар мен трансұлттық корпорациялардың айырмашылығы неде?
3. Ұлт-азаттық қозғалыстарды халықаралық құқықтың субъектісі деп санауға бола ма? Егер болмаса, неліктен?

Әдебиеттер

1. J. Crawford, *The Creation of States in International Law*, 2nd edn, Oxford, 2006.
2. *Non-State Actors in International Law* (ed. M. Noortmann, A. Reinisch and C. Ryngaert), Oxford, 2015.
3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. *Международное право. Общая и особенная части: Учебник*. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Стр. 47-64.
4. Кулжабаева Ж.О., *Международноепубличное право. Общая и Особенная части*. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 4.
5. Malcolm Shaw. *International Law* p. 193-209.